

"Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бойынша Қазақстан Республикасынан құзыретті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 712 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бойынша Қазақстан Республикасынан құзыретті органды айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

**Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы
Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бойынша Қазақстан
Республикасынан құзыретті органды айқындау туралы**

2008 жылғы 30 қазанда Минск қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 3-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасынан Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті орган болып айқындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Беларусь тарапын қабылданған шешім туралы хабардар етсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев